

“Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы №403 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 62 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 маусымда № 7515 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 74 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 09.04.2021 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 403 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4819 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 желтоқсанда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2014 жылғы 23 желтоқсанда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасымен белгіленген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді (коммуналдық тұрғын үй қорынан) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерінде:

реттік нөмірлері 18, 27, 30-қатарлар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

А. Шаменов